## "Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 537 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1444 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

«Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 537 өкіміне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

## «Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 537 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

«Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 537 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., № 18, 206-құжат; 2006 ж., № 10, 88-құжат; № 50, 529-құжат; 2007 ж., № 2, 22-құжат; № 13, 146-құжат; № 45, 528-құжат; 2008 ж., № 1, 1-құжат; № 28, 263-құжат; 2009 ж., № 21, 186-құжат; № 27-28, 234-құжат; № 32, 295-құжат; 2010 ж., № 31, 235-құжат; 2011 ж., № 44, 575-құжат; 2012 ж., № 31, 404-құжат; 2012 ж., № 75-76, 1092-құжат; 2013 ж., № 22, 351-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен айқындалған Республикалық бюджет комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

«Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары;»

мына:

«Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары,

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары,

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төрағаның орынбасары,

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі,

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы,

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі,

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары,

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі,

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төрағаның орынбасары»;

көрсетілген комиссия құрамынан Г.А. Марченко шығарылсын.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК